

Бағалау нәтижелерін талдау арқылы мұғалімдердің оқу қиындықтарын анықтау

Выявление трудностей обучения учителей через анализ результатов оценки

Identification of difficulties in teaching teachers through the analysis of evaluation results

Қаныш Бибеков, Ақмарал Жұмықбаева

Kanysh Bibekov, Akmaral Zhumykbayeva

Түйіндеме

Мақалада Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдерді тестілеу нәтижелерін талдау арқылы тыңдаушылардың оқуындағы, тренерлердің оқытуындағы кедергілерді анықтап, курс тиімділігін арттыруға көмектесетін кері байланыс беру мүмкіндіктері қарастырылады. Тестілеу барысында мұғалімдер төмен нәтиже көрсеткен тақырыптар талдауға түсіп, себептері анықталады. Зерттеу нәтижесінде біліктілік арттыру курсына мұғалімдер үшін берілетін контенттің контекстке сәйкестігі мен өзектілігін анықтауға қатысты қорытындылар жасалады.

Кілтсөздер: бағалау, тестілеу, бағалау нәтижелері, портфолио, біліктілік емтихандары, психометрика, бағалау нәтижелерін талдау

6

Abstract

The article discusses the possibilities of providing feedback by analyzing the test results of teachers who have completed advanced training courses, which will help to identify barriers in the training of students, in the training of trainers and improve the effectiveness of the course. Topics that teachers have shown poor results in the course of testing are analyzed and the reasons are identified. As a result of the study, conclusions were drawn regarding the determination of the relevance of the context and relevance of the content provided for teachers in the advanced training course.

Keywords: assessment, testing, assessment results, portfolio, qualification exams, psychometrics, analysis of assessment results

Кіріспе

Қазақстан Республикасында орта білім сапасын жақсарту бағытында мұғалімдердің біліктіліктерін арттыруға ерекше көңіл бөлінеді. Соның ішінде «Тиімді оқыту мен оқу», «Мектептегі мұғалім көшбасшылығы», «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» білім беру бағдарламалары бойынша педагог қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру курстары жүргізіледі. Бағдарлама бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен мұғалімдер критерийлерге сәйкес бағаланады: бағдарламаның идеяларын білу мен түсіну, осы идеяларды өз тәжірибесінде қолдану мен идеяларды тәжірибеде жүзеге асыру рефлексиясы. Бағалаудың жеткіліктілігі қағидасын қамтамасыз ету үшін мұғалімдер үш компоненттен тұратын бағалаудан өтеді: тестілеу формасындағы емтихан тапсырады, портфолио дайындап, таныстырылым қорғайды. Бағдарламаның мазмұнын мұғалімнің білуі мен түсінуі тестілеу формасындағы емтихан арқылы тексеріледі. Өйткені тест тапсырмаларында Бағдарламаның мазмұны толық қамтылады. Бағдарлама идеяларын өз тәжірибесінде қолдану мен идеяларды тәжірибеде жүзеге асыру рефлексиясы портфолио және таныстырылым қорғауда бағаланады, сонымен бірге белгілі мөлшерде білуі мен түсінуі де көрініс табады.

Бағалау компоненттерінің нәтижелерін өзара салыстыра талдау арқылы мұғалімдердің оқу кедергілерін анықтау мақсаты қойылды. Ол үшін тестілеу емтиханынан жеткілікті деңгейде балл жинай алмаған мұғалімдердің тестілеу нәтижелері мен портфолио дәлелдемелері салыстырыла қаралды. Біліктілік арттыру курстарынан өткен мұғалімдерді тестілеу нәтижелерін талдау арқылы тыңдаушылардың оқуындағы, тренерлердің оқытуындағы кедергілерді анықтап, курс тиімділігін арттыруға көмектесетін кері байланыс беруге болады. Сонымен бірге тестілеу нәтижелерін талдау біліктілік арттыру курсына оқытылатын контентті қайта қарауға мүмкіндік береді. Өзіміздің зерттеу жұмысымызда оқытылып жатқан курс мазмұны (контент) мұғалімдер үшін өзекті ме, жеткілікті ме, контекстке сәйкес пе деген сұрақтар тұрғысынан қарадық. Сонымен бірге мұғалімдердің болашақ оқу қажеттіліктерін анықтау мақсаты көзделді.

Зерттеудің методологиялық негізі ретінде бағалау қағидалары, тестология, психометрика салаларындағы ғылыми-әдістемелік тұжырымдар, қағидалар мен ғылыми көзқарастар зерделенді. Зерттеу барысында корреляциялық талдау, статистикалық талдау, бақылау әдістері қолданылды. Соның ішінде тестілерді классикалық тестология теориясы тұрғысынан компьютерлік статистикалық талдау нәтижелері пайдаланылды.

Негізгі бөлім

Педагогикалық өлшеулер орталығында тестілеуде жеткілікті балл жинай алмаған мұғалімдердің портфолиоларын модерациялау үдерісі орын алады. Портфолионы бағалау кезінде басты назар өзара байланыспаған фактілер мен идеялардың үстірт немесе тек теориялық түсінігіне емес, кешенді тұтас түсініктің көрінуіне аударылады [1.16]. Яғни мұғалімнің түсінігі, алған білімін тәжірибеде қолдануы мен соның негізінде рефлексия жүргізіп, өз тәжірибесіне, оқыту мен оқуға талдау жасап, қорытынды шығара алуы тұтас бағалауға түседі. Ал тест нәтижелерін талдау - Бағдарлама бойынша қандай тақырыптарды, білімдер мен идеяларды мұғалімнің білуі мен түсінуі күшті немесе әлсіз екенін көрсетеді.

Зерттеу шеңберінде портфолио, таныстырылым, тестілеу формасындағы емтихан нәтижелері арасында сәйкестік қарастырылды. Яғни, осы үш компонент бойынша бағалау нәтижелерінде корреляция бар ма, бір компонент бойынша алынған нәтиже басқа компоненттер бойынша алынған нәтижемен қандай байланыста екені зерделенді. Ол үшін тест нәтижелерін талдауда алынған мәліметтерді пайдаланып, төмен нәтиже көрсеткен мұғалімдердің портфолиолары іріктелді. «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы бойынша 19 балдан төмен жинаған 112 мұғалімнің портфолиоларын зерделеуде: 1) есеп жазу кезінде Бағдарламада берілген ғылыми негіздерді, идеяларды басшылыққа алуы; 2) төмен балл жинаған тақырыптарының есептерде көрініс табуы назарға алынды.

Тестілеуде 19 балдан төмен жинаған тыңдаушылардың 18 проценті өз есептерін жазу кезінде Бағдарламада берілген ғылыми материалдарға мүлде сілтеме жасамағаны, 57 проценті 1 не 2 сілтеме жасап, ғылыми негіздерді атап өткені анықталды. Дегенмен сілтеме келтірген немесе ғылыми негіздерді атаған тыңдаушылардың 25 проценті тәжірибені жоспарлауда және талдауда ғылыми тұжырымдар мен ұсынылған алгоритмдерге сүйене бермейтіні көрінді.


Тыңдаушылар төмен балл жинаған тақырыптар қатары анықталды. Соның ішінде «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы» бағдарламасы үшін негізгі тақырыптар болып табылатын «Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы түсінігінің мәні», «Оқытуды басқару мен көшбасшылық» тақырыптары бойынша 0-2 балл алған тыңдаушылардың портфолиолары зерделенді. Тақырыбы бойынша 0 балл алған 7 мұғалімнің біреуі ғана мұғалім көшбасшылығының маңызы туралы айтқан. Педагогикалық қоғамдастық шеңберінде өзгеріс енгізуді басқару және

өзінің көшбасшылығы туралы қамтылмаған. Инновацияларды енгізу кезінде басшылыққа алу ұсынылған «Неліктен біз біздің оқыту тәсілдерімізді өзгертуге тиіспіз, содан кейін мәселені шешуге бағытталып: біз бұны қалай істейміз, тек содан кейін ғана – біз сыныпта не істеуіміз керек?» [2] сұрақтарын пайдаланып, өзгеріс енгізу жұмыстарын жүйелей алмаған. Зерделенген портфолиоларда мұғалімдер «сыныпта не істеуіміз керек?» сұрағына қатысты өз жұмыстарын ұйымдастырған. Бұл біліктілік арттыру курсының нәтижесіне білім алушы мұғалімнің жеке уәжі, тәжірибесі, кәсіби даярлығы, дербес-психологиялық ерекшеліктері ықпал ететінін көрсетеді.

Андрогогикалық зерттеулерде ересектерді оқыту мәселесінде білім алушының тұлғалық ерекшеліктеріне баса мән беріледі. А. Маслоу, К. Роджерс сияқты шетелдік ғалымдар негізін салған тұлғалық-бағдарлы тәсілді ересектерді оқытуда негізге алу маңызды. Ересектерді оқытудың тұлғалық-бағдарлы тәсілінде индивид ретіндегі әр адамның құндылығына, даралығына, субъективті тәжірибесіне басымдық беріледі. Сонымен бірге біліктілік арттыру курсынан өткен мұғалім қызметінен күтілетін нәтижені де есепке алуымыз керек. И.А. Зимняя өз еңбектерінде тұлғалық-қызметтік тәсілдегі тұлғалық компонент оқу-білім беру үдерісінде білім алушының ұлттық, гендерлік, жас, дәрежелік, дербес-психологиялық ерекшеліктерін есепке алуға қажеттігіне тоқталған. [3.74] Мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру кезінде тұлғалық-қызметтік тәсіл де назарға алынғаны дұрыс.

Ересектерді оқытудың өздігінен оқу, бірлескен оқу, тәжірибеге сүйену, дербестік, жүйелілік сияқты т.б. андрогогикалық қағидаларының қатарында оқудың мәнмәтінге сәйкестігі, өзектілігі қағидалары да аса маңызды. Мәнмәтінге сәйкестік оқудың тыңдаушының кәсіби және әлеуметтік қызметіне, қажеттіліктеріне қарай оқуды ұйымдастыру керек екенін көрсетеді. [4,66-67бб] Ересектер оқуының мәнмәтінге сәйкес болуы жаңа білімнің кәсіби және тәжірибесі үшін құнды болуын білдіреді. Яғни оқу курсының мазмұны мұғалімнің кәсіби қажеттілігі мен мәнмәтінге сәйкес болу керек.


Тестілеу нәтижелерін талдау барысында белгілі бір тақырыптар бойынша тыңдаушылардың үнемі төмен нәтиже көрсететінін байқадық. Мысалы, 3 (базалық) деңгей біліктілік арттыру курсынан өткен мұғалімдер тестілеу нәтижесінде «Талантты және дарынды оқушыларды оқуы» тақырыбы бойынша тест сұрақтарына орта есеппен 2014 жылы – 57% , 2015 жылы – 50% , 2016 жылы – 60% дұрыс жауап берген.



1-кесте.

Басқа тақырыптар бойынша тыңдаушылардың берген жауаптарымен салыстырғанда бұл ең төменгі көрсеткіш болып табылады. Әрі «Талантты және дарынды

оқушыларды оқуы» тақырыбы бойынша белгілі бір аймақ қана емес бүкіл Республика бойынша көрсеткіштер төмен болған.



2-кесте. Талантты және дарынды оқушыларды оқыту (2015ж)

Біліктілік емтиханының нәтижесі бойынша 2015 жылы «Талантты және дарынды оқушыларды оқыту» модулі бойынша дұрыс жауаптың үлесі әр түрлі аймақтарда 42-58% аралығында екенін көреміз. (2-кесте) Демек осы тақырып бойынша тыңдаушылардың төмен нәтиже көрсетуі оқыту орталықтарының оқытуымен байланысты емес деген тұжырымға келдік. Сол себепті «Талантты және дарынды оқушыларды оқыту» тақырыбы бойынша тест мазмұнын құрайтын «Мұғалімге арналған нұсқаулықтағы» контент талдауға түсті. Мәтінде берілген ақпараттың 30%-ы, кейс-стадилер туралы, 25%-ы талантты және дарынды балалардың сипаттарына, 45%-ы талантты балалармен жұмыста қолдануға болатын күрделі тапсырмаларды пайдалануға болатыны, экстернат туралы баяндалады. Берілген мәтіннің ішінде талантты және дарынды балалармен арнайы жұмыс жүргізбеген мұғалімдер үшін талантты және дарынды балаларды анықтау үшін қажетті сипаттамалар өзекті болып табылады. Кейс-стади, күрделенген тапсырмалар, экстернат туралы ақпарат мұғалімдердің тәжірибесімен және мәнмәтінмен тікелей байланысты болмағандықтан өзектілігі төмен. Бұл ретте берілген контент мұғалімнің тәжірибесімен байланысты болмауы, контекске сәйкестік және өзектілік қағидаларының сақталмауы салдары оқу материалының дұрыс меңгерілмеуіне әкеліп соқтырған деп болжауға болады. Егер талантты балалармен жұмысты қалай бастауға болады, қалай ұйымдастыруға болады, бағдарламада берілген оқу материалдарын талантты балалар үшін қалай күрделендіру керек деген сияқты мәселелер курс контентінде қамтылса, мұғалімдер үшін контекстке сәйкес, өзекті болар еді.

Қорытынды

Зерттеу барысында біліктілік арттыру курсына мұғалімдер үшін берілетін контенттің контекстке сәйкестігі мен өзектілігін анықтауда бағалау нәтижелерін, соның ішінде тестілеу нәтижелерін талдау мүмкіндік беретініне көз жеткіздік. Зерттеу нәтижелерін негізге ала отырып, біліктілік арттыру курсының тиімділігін арттыруға болады. Оқытудағы жалғастық қағидасының сақталуы үшін оқудың алдыңғы кезеңіндегі жетістіктерді келесі кезеңде максимум пайдалану керек [5.48-49]. Ересектерді оқытудың білімдік қажеттіліктерін дамыту қағидасына сәйкес мұғалімдердің біліктілігін

арттырудың бағыттарын белгілеуде де тестілеу нәтижелерін талдау нәтижелерін пайдалану мүмкіндіктері бар.

Біліктілік арттыру курсынан өткізер кезде мектепке қажетті өзгеріс енгізеді деп күтілетін мұғалімнің ішкі уәжін, білімі, тәжірибесі мен кәсіби дайындығын анықтап алу керек болады. Өйткені «Ересектерді инновациялық оқыту тұлғаның индивидуалды ерекшеліктерін есепке алып құрылу керек» [4.70]. Мұғалім өзінің кәсіби қызметінде сыныптағы оқу үдерісіне өзгеріс енгізіп, конструктивтік оқыту теориялары негізінде білім берудегі инновацияларды үйренуге және тәжірибесіне енгізуге мүдделі болуы мүмкін. Біліктілік арттыру білім алушы мұғалімнің уәжділігі және кәсіби мүдесімен сәйкес келген жағдайда тиімді болады. Сондықтан қазіргі заман талабы тұрғысынан мақсатты түрде біліктілік арттыру көзделген жағдайда мұғалімдердің құзыреттіліктері, қажеттіліктері, кәсіби-шығармашылық қабілеттері сарапталып, жіктеп-іріктеп алу механизмдерін ойластыру қажет деп ойлаймыз.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Бағалау рәсімдеріне шолу. «Назарбаев Зияткерлік мектептері», 2016ж.
2. Мұғалімге арналған нұсқаулық: Педагогикалық қоғамдастықтағы мұғалім көшбасшылығы. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2015ж.
3. Зимняя И.А. Ключевые компетенции – новая парадигма результатов образования //Высшее образование сегодня. 2003. № 5.
4. Лебедева Н.В. Психология обучения взрослых: особенности и содержание// Вестник МГОУ. Серия «Психологические науки». 2014ж. №3
5. Макарова И.А. Целостный подход в образовании взрослых//Грани познания.Электронный научно-образовательный журнал ВГСПУ №6(33). Июль 2014 ■ www.grani.vspu.ru